

Әлеуметтік және қоғамдық ғылымдар
Социальные и общественные науки
Social and Public Sciences

МРНТИ: 14.37.29

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-3.05>

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚ
БАРЫСЫНДА ДАМУ

^{*1}В.А.ДАУЛЕТОВА^{ORCID}, ²Д.Ғ.КЕМЕШЕВ^{ORCID}

¹Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі

²Батыс Қазақстан облысы Орал қ. БББ № 26 жалпы орта білім беретін мектебі
(Орал, Қазақстан)

^{*}d.venera.amansovna@gmail.com, daurenkemeshev@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада цифрлық ортада білім беруге болашақ мамандарды даярлау барысында олардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың жаңа жолдарын енгізу қарастырылған. Зерттеу мақсаты - болашақ мамандардың кәсіби білім алу үдерісі мен үздіксіз оқу практикасын интеграциялау арқылы цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың шарттары мен бағалау өлшемдерін айқындау. Жұмыстың теориялық маңызын студенттердің цифрлық сауаттылығын кәсіби білім берудің теориялық және практикалық оқыту, оқу және өндірістік практика компоненттерін интеграциялау арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары жасалуы көрсетеді. Білім алушылардың цифрлық сауаттылығын екі кезеңде бағалау және цифрлық ортада оқытудың әдістемелерінің жасалуы жұмыстың практикалық маңызын дәлелдейді. Эксперименттік жұмыс Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінде және Орал қаласының № 26 орта мектебіндегі студенттердің оқу және машықтан өту кезеңдері қамтылды, оған эксперименттік және бақылау топтарынан 57 студент қатысты (n=57). Студенттердің цифрлық сауаттылық индексі анықтау және цифрлық құралдарды меңгеру деңгейін бағалау эксперимент басында және қорытынды кезеңінде жүргізілді. Цифрлық сауаттылықты дамытудың деңгейлік көрсеткіштері ретінде жоғарыда айтылған Ресейдің «Ұлттық қаржылық зерттеулер агенттігінің талдау орталығының» (НАФИ) «цифрлық сауаттылық индексі» негізге алынды. Қорытындыда студенттердің тәжірибесі негізінде цифрлық сауаттылығын арттырудың мүмкіндіктері көрсетілді.

Түйін сөздер: кәсіби даярлық, кәсіби білім беру компоненттері, студенттердің цифрлық сауаттылығы, ақпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, коммуникативтік сауаттылық, медиа сауаттылық, техникалық инновацияларға даярлық.

Кіріспе

Технологиялық революция қарқыны цифрлық құралдарды білім беруде тиімді қолдану үшін болашақ педагогтардың кәсіби дағдылары мен іскерліктерін дамыту қажеттігін талап етуде [Елубай Е., 2020: 187-188 б.]. Білім берудегі цифрлық сауаттылықтың маңызы кәсіби білім беру мен оқыту жүйесін цифрлық қоғам сұраныстарына сәйкестендіруді күн тәртібіне қатаң қойып отыр. Білім жүйесіне цифрлық оқыту түрлері енгізілуі, білім беру платформалары, жаппай онлайн курстар, ашық білім беру ресурстарының пайда болуына байланысты «цифрлық дағды» [Карандеева А.М. және т.б., 2020: 40-43 б.], «цифрлық күзінеттілік», «цифрлық сауаттылық» [Belshaw D., 2022] сияқты болашақ маманға қажетті жаңа дағдылар пайда болды.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім берудің цифрландыруға байланысты мазмұнды платформалар, сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқу процесінде электрондық ресурстарды пайдалану білім алушылардың практикалық цифрлық дағдыларын жетілдіру бойынша жұмыстарды қажет ететіні айтылған [Тұжырымдама, 2023: 33-35 б.].

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда білім саласына аса қажет дағдылардың бірі - цифрлық сауаттылық. Қашықтан білім беру, онлайн оқыту, синхронды және асинхронды оқыту, аралас оқытуда цифрлық құралдарды оқу-тәрбие үрдісіне қолдану секілді қоғамдағы және білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ педагог мамандарда жаңа кәсіби ойлауды, жаңа дағдыларды, соның ішінде цифрлық сауаттылықтың мәселесінің өзектілігін байқатты. Қазіргі кезде студенттің цифрлық сауаттылығын дамыту еңбек нарығында сұранысқа ие болашақ түлектің табысты моделін қалыптастыру үшін қажетті құрамдас бөлігі екені белгілі [Кәсіптік стандарт, 2022], соған орай болашақ педагог- маманның теориялық білімі ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметі үшін цифрлық сауаттылығы маңызды рөлге ие.

Негізгі бөлім

Зерттеу барысында студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту, болашақ мамандардың цифрлық технологиялар мен құралдарды білім беруде тиімді қолдана білуіне деген қажеттік пен кәсіби мамандыққа дайындаудың теориялық оқыту, практикалық оқыту, оқу және өндірістік практика компоненттерінің біріктірілген мүмкіндіктерін пайдалану мәселесінің жеткіліксіз қарастырылғаны байқалды. Атап айтқанда, студенттердің цифрлық сауаттылығын қалыптастыру кәсіби білім берудің теориялық және практикалық оқыту бөлімдерінде қарастырылғанымен, оқу және өндірістік практика компоненттерінің мүмкіндігі назардан тыс қалатынын көрінді. Осыған орай, зерттеудің мақсаты болашақ мамандардың кәсіби білім алу үдерісі мен үздіксіз оқу практикасын интеграциялау арқылы цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың шарттары мен бағалау өлшемдерін айқындау деп белгіленді.

Әдеби шолу

Студенттердің цифрлық сауаттылық деңгейін дамыту туралы тұжырымдар жасау және оның шарттарын анықтауда теориялық және практикалық еңбектер негізге алынды. Бір зерттеушілер тобы [Гончарук Н.П., Хромова Е.И., 2018: 32-37 б.] интернет-технологиялардың дамуы білім беру процесінде интернет желісінде жұмыс істеудің әртүрлі тәсілдерін енгізу қажеттілігіне алып келгенімен, интернет-ресурстардың көпшілігі білім беру жүйесіне бейімделмегенін және олармен жұмыс істеу белгілі бір дайындықты қажет ететінін атап өтсе, келесілері студенттерге интернетте ақпаратты іздеудің қажетті дағдылары мен қабілеттеріне үйрету, сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша курс әзірлеуді ұсынды [Таланов С.Л., 2019: 87-105 б.]. Ал, Н.И.Сорокина және тағы басқалар [Сорокина Н.И. және т.б., 2019: 24-29 б.] оқыту трендтері ретінде аралық онлайн оқыту, микро және макро оқытуды үйлестіруді, Н.П.Крылова, Е.Н.Левашовтар оқу практикасында геймификация және өзара оқытуды ұсынады [Крылова Н.П., Левашов Е.Н., 2020: 129-132 б.].

Әлемдегі университеттер тәжірибесінде студенттердің, оның ішінде болашақ педагогтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін білім беру процесінде цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. Университеттерде цифрлық сауаттылық туралы мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал жасалып (<https://rossieronline.usc.edu/digital-literacy-teacher-toolkit>), оған кеңестер, жаттықтыру мысалдары мен құралдар кіреді. Онлайн-сервистер арқылы цифрлық сауаттылықты қалыптастыру үшін тиімді цифрлық ресурстар ұсынылады [Мясоедов А.И., 2021: 56-67 б.]. Тәжірибе арқылы оқу практикасында коучинг элементтерін қолдану да студенттердің сабақта алған білімдерін болашақ мамандығымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Олар цифрлық мүмкіндіктерін ашу нәтижесінде өзіне сенімді болуға, өзінің шынайы қажеттіліктері мен құндылықтарын түсінуге, өзіндік шешім қабылдауға үйренеді. Қазіргі таңда зерттеушілер [Бороненко Т.А. және т.б., 2020: 47-73 б.] студенттердің цифрлық сауаттылығының деңгейлік көрсеткіштері ретінде Г.У.Солдатова, Е.И.Рассказова, С.С.Хромов, Н.А.Каменева, т.б. ұсынған модельдерді қарастырса, оған қоса Х.Битэм, Р.Шарп еңбегіндегі Блум таксономиясы негізіндегі өлшемдерді [Битэм Э., Шарп Р., 2019: 302 б.] атауға болады. Педагогтарға арналған технологиялық құзыреттіліктің еуропалық шеңберінде DigCompEdu (European Digital Competence Framework 2.0) оны төмендегідей топтастырған. Олар: «Кәсіби міндеттер»; «Цифрлық ресурстар»; «Оқыту және оқу»; «Оқушыларды бағалау»; «Оқу

процесінде оқушылардың құқықтарын, мүмкіндіктерін және дербестігін кеңейту» Оқушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту» [DigCompEdu, 2024]. Сондай-ақ, Ресейде цифрлық құзыреттілікті бағалаудың бірнеше моделі жасақталған. Мысалы, «Интернет-технологиялар орталығы» (РОЦИТ) өңірлік қоғамдық ұйымы құрастырған «цифрлық сауаттылық индексі» үш негізгі санаттан тұратын 20 негізгі параметрлердің үш деңгейлі модель болып табылады, олар: цифрлық тұтыну, цифрлық құзыреттілік, цифрлық қауіпсіздік. Бұл тәсіл азаматтарды цифрлық дағдыларға оқыту бағдарламасын іске асыру процесінде Еуропалық комиссия әзірлеген DigComp 2.0 цифрлық құзыреттерінің еуропалық шеңберіне негізделген [Колыхматов В.И., 2020: 35-48 б.]. Цифрлық құзыреттілікті бағалау моделінің тағы бір мысалы - «Ұлттық қаржылық зерттеулер агенттігінің талдау орталығы (НАФИ)» ұсынған «цифрлық сауаттылық индексі» [Аймалетдинов Т.А. және т.б., 2019]. Тұжырымдама шеңберінде цифрлық құзыреттерді талдау бес негізгі параметр бойынша жүргізіледі: ақпараттық сауаттылық, коммуникативтік сауаттылық, цифрлық контентті құру, цифрлық қауіпсіздік және цифрлық ортадағы проблемаларды шешу дағдылары (1-сурет).



1-сурет. Цифрлы сауатты маманның бейнесі

Аталған зерттеулерді талдау бізге зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын айқындап, студенттерінің цифрлық сауаттылық деңгейінің бағалау мен қалыптастырудың/дамытудың әдістемесін жасап, тәжірибеден өткізуге мүмкіндік берді.

Әдістер

Зерттеу барысында жалпы цифрлық сауаттылық, студенттердің цифрлық сауаттылығы туралы зерттеушілерінің еңбектері мен тұжырымдары, халықаралық сараптамалар мен талдаулар, еліміздегі нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ, педагогикалық оқу орындарының қолданыстағы оқу бағдарламалары зерделенді. Эксперименттік жұмыс Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінде және Орал қаласының № 26 орта мектебіндегі студенттердің оқу және машықтан өту кезеңдері қамтылды, оған эксперименттік және бақылау топтарынан 57 студент қатысты ($n=57$). Студенттердің цифрлық сауаттылық индексін анықтау және цифрлық құралдарды меңгеру деңгейін бағалау эксперимент басында және қорытынды кезеңінде жүргізілді. Цифрлық сауаттылықты дамытудың деңгейлік көрсеткіштері ретінде жоғарыда айтылған Ресейдің «Ұлттық қаржылық зерттеулер агенттігінің талдау орталығының» (НАФИ) «цифрлық сауаттылық индексі» негізге алынды [Аймалетдинов Т.А. және т.б., 2019].

Зерттеудің диагностикалық кезеңінің нәтижесінде болашақ мамандардың кәсіби білім алу үдерісі мен үздіксіз оқу практикасын интеграциялау арқылы цифрлық сауаттылығын

қалыптастырудың педагогикалық шарттары, деңгейлері мен бағалау өлшемдері жасалды. Студенттердің кәсіби дайындығы бекітілген нормативтік талаптарға сай [МЖМС, 2022] кәсіптік білімнің негізгі – теориялық оқыту, практикалық оқыту, оқу және өндірістік практика компоненттерінен тұрады [Колыхматов В.И., 2020: 35-48 б.].

Педагогикалық колледж студенттерінің цифрлық сауаттылығын қалыптастыруды кәсіби мамандыққа даярлау оның компоненттері - теориялық оқыту, практикалық оқыту, оқу және өндірістік практика компоненттерінің біріктірілген мүмкіндіктерін пайдаланудың педагогикалық шарттары төмендегідей анықталды: 1) Оқыту барысында цифрлық ресурстарды игеру, дәстүрлі құралдарды онлайн ресурстармен алмастырудың мазмұны мен әдістерін үйрену; 2) Педагогикалық практикаға дайындықтар барысында оқытудың цифрлық және дәстүрлі ресурстарын интеграциялау, онлайн платформада тапсырмаларды орындау, кері байланыс жасау; 3) Мамандығына сәйкес өз бетімен цифрлық ресурстар жинақтау, платформада контент құрастыру, мобильді қосымшалар жасау тәжірибесімен бөлісу. Зерттеу барысында цифрлық сауаттылықты қалыптастыру негізінде оның ақпараттық, компьютерлік, коммуникативтік, медиа, техникалық инновацияға қатынасына қатысты өлшемдері мен көрсеткіштері жасалды (1-кесте).

1-кесте

Цифрлық сауаттылықты дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері


Өлшемдер	Көрсеткіштер
Ақпараттық сауаттылық	Әртүрлі ресурстарда ақпаратты іздеу және табу іскерлігін көрсетеді. Әртүрлі сенімді сайттардан цифрлық контентті іздеу, іріктеу, цифрлық білім беру платформаларын өз бетімен қолдану көрсеткіштері белгіленді
Компьютерлік сауаттылық	Платформаға, интерфейске қарамастан цифрлық құрылғыларды пайдаланудың жеңілдігін меңгертетін іскерліктеріді көрсетеді. Кеңселік бағдарламалармен жұмыс жасау, ақпаратты сақтау және тарату үшін бұлттық технологияларды қолдану бойынша көрсеткіштері белгіленді
Медиа сауаттылық	Әр түрлі көздерден жаңалықтар іздей білу, олардың толықтығы мен дұрыстығын тексеру біліктілігін көрсетеді. Ақпараттарды сенімділігіне қарай қолдану, видеосабак жасау құралдарын пайдалану бойынша көрсеткіштері белгіленді
Коммуникативті сауаттылық	Заманауи коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) пайдалана білу іскерлігін көрсетеді. Онлайн сабақ өткізу үшін байланыс құралдарын пайдалану, қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілерді қолдану бойынша көрсеткіштері белгіленді
Технологиялық инновацияларға даярлық	Жаңа және қазіргі заманғы технологиялармен (қосымша, гаджеттермен) жұмыс жасауға дайындығын көрсетеді. Мобильді қосымшаларды оқу-тәрбие процесінде қолдану, кері байланыс алу үшін онлайн-тест, сауалнамаларды қолдану бойынша көрсеткіштері белгіленді

Анықталған өлшемдер негізінде студенттердің цифрлық сауаттылығының қалыптасу деңгейлері жоғары, орта, төмен болып анықталып, диагностикалау үшін әрқайсысының көрсеткіштері белгіленді. Оның жеткілікті көрсеткіштері бойынша студенттер әртүрлі сенімді сайттардан ақпаратты және цифрлық контентті іздейді, іріктейді, кеңселік бағдарламалармен жетік жұмыс жасайды, ақпаратты сақтау және тарату үшін бұлттық технологияларды қолданады, цифрлық білім беру платформаларын өз қызметінде үнемі қолданады, ақпараттарды сенімділігіне қарай қолданады, видеосабак жасау құралдарын пайдаланады. Мобильді қосымшаларды оқу-тәрбие процесінде үнемі қолданады, кері байланыс алу үшін онлайн-тест, сауалнамаларды қолданады. Біздің зерттеуімізде сауаттылық деңгейін жетілдіру, цифрлық білім деңгейін көтеру студенттердің өз мамандығы бойынша цифрлық ресурстарды пайдаланып, контент жасау шарттарын орындау нәтижесі ретінде танылды.

Нәтижелер және пікір алмасу

Зерттеу барысында студенттердің цифрлық сауаттылық индексін анықтау үшін бақылау және

эксперимент топқа сауалнама жүргізілді. Зерттеу мақсатына жету үшін деңгейлері қатар оқитын 3 курс студенттері бақылау және эксперимент топтарына алынды. Сауалнамаға «Бастауыш білім мұғалімі» және «Өзін-өзі тану мұғалімі» біліктіліктері бойынша білім алып жатқан 3 курс студенттері қатысты: бақылау тобында 29 (n=29), эксперимент топта 28 (n=28) студент қатысты. Зерттеудің бірінші кезеңінде эксперимент нәтижесі бойынша бақылау тобы мен эксперименталды топтың нәтижелері бір деңгейде, бақылау тобының нәтижелері: ақпараттық сауаттылық - 64%, компьютерлік сауаттылық - 78%, медиа сауаттылық - 72%, коммуникативті сауаттылық - 73% және технологиялық инновация игеруі - 81%; эксперименталды топтың нәтижелері: ақпараттық сауаттылық - 67%, компьютерлік сауаттылық - 75%, медиа сауаттылық - 69%, коммуникативті сауаттылық - 70% және технологиялық инновацияға қатынасы - 85% (2-сурет).



2-сурет. Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Зерттеудің I-ші кезеңі нәтижелері анықталған соң эксперименттік топта педагогикалық шарттары бойынша студенттердің тәжірибесіне негізделген әдістемелік оқыту бағдарламасы жүзеге асырылды.

Қалыптастыру кезеңі. Эксперимент барысында білім берудің цифрлық ресурстарын игерту, дәстүрлі құралдарды онлайн ресурстармен алмастырудың мазмұны мен әдістерін үйрету мақсатында «Болашақ мұғалімнің цифрлық сауаттылығы» оқу курсы енгізіп, оқыту бағдарламасы мен әдістемелік ұсынымдары жасалды. Аталған оқу курсының тақырыптық жоспары аралас форматта ұсынылып, 58 сағаттың теориялық оқытуға - 12 сағаты, практикалық оқытуға - 26 сағаты, онлайн оқытуға 20 сағаты жоспарланды. Курс 5 бөлімнен құрылып, оның кіріспе сабағы «Қазақстандағы цифрландыру» тақырыбына арналды.

1-бөлім «Ақпараттық сауаттылық». Бұл бөлімде ақпараттық қауіпсіздік және акаунт құру, жеке мәліметтер, сенімді құпиясөздер, электронды пошта, ақпаратты іздеу, мұғалімнің сенімді ақпарат көздерімен жұмысы (cpm.kz, ust.kz, infourok.ru, bilimdiler.kz, tarbie.kz т.б.), оқушы және сынып ұжымы туралы ақпаратты алу (онлайн-сауалнама, тест құру) (GoogleForms, OnlineTestPad т.б.) тақырыптары қамтылды.

2-бөлім «Компьютерлік сауаттылық». Бұл бөлімде ақпараттың түрлі формаларын (мәтіндік, кестелік, графикалық) мұғалімдік қызметте қолдану, кеңселік бағдарламалармен (Microsoft Office және Google құжат, кесте, презентация т.б.) жұмыс, сабақ және тәрбие сағатын Google Docs/Slides/т.б. мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жоспарлау және өткізу, сабақ жоспарлары мен құжаттардың қоймасын жасақтауы, бұлттық технологиялармен жұмыс тақырыптары Облако.Mail.ru, Google Диск, Яндекс.Диск, OneDrive т.б.) қамтылды.

3-бөлім «Коммуникативтік сауаттылық». Бұл бөлімде әлеуметтік желілерді (WhatsApp,

Telegram, facebook, instagram, VKontakte т.б.) тиімді қолдану ережелері (чат құру, форум, блогтар) тиімді қолдану ережелері, әртүрлі қосымшалар арқылы орнату (Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Jitsi Meet т.б.) оқушылармен байланыс орнату, онлайн кездесулерге арналған құралдар, видеосабак жасау құралдарын (Canva, Camtasia, Movavi, CapCut, InShot т.б.) қолдану тақырыптары қамтылды.

4-бөлім «Медиа сауаттылық». Бұл бөлімде фейк және кибербуллинг, цифрлық этикет сақтау, электрондық цифрлық қолтаңба және анықтамалар алу тақырыптары қамтылды.

5-бөлім «Техникалық инновацияны меңгеру». Бұл бөлімде сабақ пен тәрбие сағаттарын цифрлық технологиялар мен құралдарды (LearningApps.org, Learnis.ru, Quizlet.com, XMind.net, Quiziz.com, Kahoot.com т.б.) қолдану арқылы жоспарлау, портфолио жасау тақырыптары қамтылды.


«Болашақ мұғалімнің цифрлық сауаттылығы» оқыту курсы болашақ маманның кәсіби қызметінде цифрлық қауіпсіздікті сақтауға, интернеттің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға, цифрлық контенттерді бұлттық технологиялар арқылы сақтауға, өз қызметінде әлеуметтік желілерді, цифрлық құралдарды қолданып, электронды қызметтерді өз бетімен алуға мүмкіндік береді. Оқу курсы менгерту үшін теориялық сабақтардан гөрі практикалық сабақтарға және білім алушының өзіндік жұмысына басымдылық беріп, курс бағдарламасын аралас тәжірибелік оқыту платформасында ұйымдастырылды. Болашақ мамандардың цифрлық сауаттылығын дамыту мазмұнын игерту үшін жаңашыл әдістер мен технологияларды қолданудың ықпалы мол болды. Курс барысында дәстүрлі және онлайн түрінде аралас оқыту, цифрлық технологиялар, Google Classroom платформасы құралдары, педагогикалық коучинг, тренинг, кеңес, рефлексия әдістері қолданылды.

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында мұғалімнің нормативтік құжаттармен жұмысы, осы құжаттарды алуға болатын сенімді ақпарат көздерін іріктеудің маңыздылығы, мұғалімнің жұмысына қажет сайттармен жұмыс жүргізілді. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру бағытында тәрбие сағаты мен сабақ жоспарларын құрудың ақпараттық, мәтіндік, кестелік, графикалық формаларын тиімді қолдану жолдары кеңселік бағдарламалар мен Google Docs/Slides/ т.б. негізінде практикалық түрде көрсетілді. Мұғалімнің құжаттарының қоймасын жасақтауда бұлттық технологияларды қолдануды, бір-біріне ақпараттарды беру жолдары қарастырылды. Медиа сауаттылық бағытында ақпараттық қауіпсіздік және акаунт құру, Gmail акаунтпен жұмыс, жеке мәліметтер, сенімді құпиясөздер, электронды поштаны кәсіби қызметте қолдану және фейк және кибербуллинг тақырыптарын мұғалім қызметінде орын алатын жағдайлармен талданып, цифрлық этикет сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Коммуникативті сауаттылық бағытында әлеуметтік желілерді тиімді қолдану ережелері (чат құру, форум, блогтар) мен әртүрлі қосымшалар арқылы оқушылармен байланыс орнату жолдары, онлайн кездесулерге арналған құралдар (бейнесабактар, бейнеконференциялар, бейнеқоңыраулар) тақырыптары қамтылды. Технологиялық инновацияға даярлық бағытында оқу-тәрбие процесін жаңа педагогикалық технологияларды және цифрлық құралдарды қолдану арқылы жоспарлау, мобильді қосымшалар арқылы (LearningApps.org, Learnis.ru, Quizlet.com, XMind.net т.б.) білімді бақылауға, бағалауға және керібайланыс алуға онлайн-тест, сауалнамаларды, тапсырмаларды құрастыру жолдары, олардың мүмкіндіктері бойынша түсінік жұмыстары қарастырылды. Алынған нәтижелерден цифрлық сауаттылықтың индексі шығарылды (3-сурет).

Зерттеудің II-ші кезеңі қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде студенттердің цифрлық сауаттылық индексі бақылау тобында 76%, эксперимент тобында 86% көрсеткішін беріп отыр. Арнайы жасақталған бағдарламамен эксперименттік топта жұмыстану арқылы студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстары жүргізіліп, нәтиже 13% артып отыр. Бұл бағдарлама бойынша тәжірибе негізінде оқыту студенттердің болашақ кәсіби қызметінде


олардың ақпараттық, компьютерлік, коммуникативтік, медиа, техникалық инновацияны игеруіне бағытталуы цифрлық сауаттылығын дамытуға, цифрлық сауатты маман ретінде қалыптасуына негіз болатыны анықталды.



3-сурет. Цифрлық сауаттылық индексінің көрсеткіштері

Зерттеудің II-ші кезеңінде болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын цифрлық құралдарды қолдану деңгейін анықтауға арналған сауалнама арқылы тексеру келесі нәтижелерді көрсетті.

Салыстырмалы талдау. Бақылау тобы мен эксперимент тобының салыстырмалы нәтижелері бойынша эксперимент тобының ақпараттық сауаттылық өлшемі 2%; коммуникативтік сауаттылық өлшемі 5%; медиа сауаттылық өлшемі 6%; техникалық инновацияға қатынасы 13% артқан, ал компьютерлік сауаттылық өлшемі бірдей нәтиже көрсетіп отыр (4-сурет).



4-сурет. Болашақ мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының көрсеткіштері (пайызбен)

«Оқытуда цифрлық технологияларды қолдану бойынша өз дағдыларыңызды арттыруға тырысасыз ба?» сауалына «Мен өз дағдымды әртүрлі онлайн сервистерді, құралдарды қолдану арқылы жетілдіремін» деп бақылау тобының 33%, ал эксперимент тобының 45% жауап берсе, «Мен өз әріптестеріммен оқу процесін арттыру үшін цифрлық технологияларды қалай қолдануға болатынын талқылаймын» деп бақылау тобының 28%, эксперимент тобының 10%, «Мен өз дағдыларымды дамыту үшін бірқатар электронды ресурстарды (сайт, мақала, курстар) қолданамын» деген жауапты бақылау тобының 39%, эксперимент тобының 40% беріп отыр. «Цифрлық технологияларды қолдану бойынша курстардан өтуді жоспарладыңыз ба?» сауалына эксперимент тобының 61%, бақылау тобының 50% «иә» деген жауап беріп, білімдерін жетілдіруге ниеттілігін байқатты. «Өзіңіздің цифрлық сауаттылық деңгейіңізге

баға беріңіз» сауалына бақылау тобының 15 пайызы өздерін «жаңадан пайдаланушы», 60% «сенімді қолданушы», 25% «жетік пайдаланушы» ретінде баға берсе, эксперименттік топтың 78% «сенімді пайдаланушы», 17% «жетік пайдаланушы» ретінде бағалап отыр.

Алынған нәтижелер эксперимент тобының өздерінің болашақ қызметінде цифрлық сауаттылық дағдысының қажеттілігін ұғынып, оны өзбетімен жетілдіру арқылы оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастырып, өткізуде цифрлық құралдарды жетік қолдануға талпынатынын байқауға болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері төмендегі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Студенттердің цифрлық сауаттылығы төмендегі педагогикалық шарттардың орындалуы арқылы жүзеге асырылады: (1) оқыту барысында цифрлық ресурстарды игеру, дәстүрлі құралдарды онлайн ресурстармен алмастырудың мазмұны мен әдістерін үйренуге тиіс; (2) педагогикалық практикаға дайындықтар кезінде оқытудың цифрлық және дәстүрлі ресурстарын интеграциялау, онлайн платформада тапсырмаларды орындау, кері байланыс жасау қажет; (3) мамандығына сәйкес өз бетімен цифрлық ресурстар жинақтау, платформада контент құрастыру, мобильді қосымшалар жасау тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндіктер жасалуы міндетті.

Студенттердің цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік жұмыстар олардың ақпараттық, компьютерлік, коммуникативтік, медиа, техникалық инновацияны игеруіне даярлық құрылымдарын қамтиды, сол арқылы әрбір көрсеткіш бойынша сауаттылықтың деңгейлері анықталады.

Студенттің тәжірибесі негізінде әдістемелік оқыту нәтижесінде болашақ мұғалімдер цифрлық сауаттылықтың негізгі ұғымдары жөнінде теориялық білімдерін жетілдіре отырып, цифрлық қоғамда қалыптасуы қажет дағдыларын анықтайды, тәжірибелік жағынан практикалық білімдерін толықтырып, оқу және өндірістік практикалардан өту барысында қолдана алады. Оқыту курсының әр кезеңінде педагогикалық коучинг пен студенттерді ақпараттық қолдаудың ықпалы, дәстүрлі және онлайн оқытудың интеграциясы кәсіби цифрлық сауатты маманды дамытудың қуатты құралы бола алады.

Зерттеліп отырған мәселе жаңа, күрделі болғандықтан, оның барлық жағынан қарастыру бір зерттеу жұмысында мүмкін емес. Студенттердің цифрлық сауаттылығын кәсіби даярлық барысында қалыптастыру проблемасын шешудің тек бір ғана нұсқасын ұсындық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Елубай Е. (2020) Болашақ педагогтарды даярлаудағы цифрлық құзіреттілік. *Вестник Академии педагогических наук Казахстана*, 1, 187-195 [Электрондық ресурс]: URL: https://vestnik-apnk.kz/articles/68fadbff91_12020_187-195_.pdf (өтінім берілген күні: 05.01.2025).
- Карандеева А.М., Кварацхелия А.Г., Насонова Н.А., Гундарова О.П., Писарев Н.Н. (2020) Цифровые навыки современного педагога высшей школы. Цифровое образование: новая реальность: *Сборник материалов Всероссийской научно-методической конференции с международным участием*, Чебоксары, 40-43 [Электрондық ресурс]: URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_44788011_68699624.pdf (өтінім берілген күні: 05.01.2025).
- Belshaw D. (2014) *The Essential elements of digital literacies* [Электрондық ресурс]: URL: <https://dougbelshaw.com/thesis/> (өтінім берілген күні: 18.01.2025).
- Тұжырымдама (2023) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: *Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы*, 28 наурыз, 249 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (өтінім берілген күні: 05.01.2025).

- Кәсіптік стандарт (2022) «Педагог» Кәсіптік стандартын бекіту туралы: *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. бұйрығы*, 15 желтоқсан, 500 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149> (өтінім берілген күні: 05.01.2025).
- Гончарук Н.П., Хромова Е.И. (2018) Интеграция педагогических и информационных технологий в образовательном процессе. *Казанский педагогический журнал*, 4, 32-37 [Электрондық ресурс]: URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=35420940> (өтінім берілген күні: 05.01.2025).
- Таланов С.Л. (2019) Влияние социальных сетей на успеваемость студентов. *Социально-политические исследования*, 3, 87-105 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-gendernyh-pokazateley-tsifrovoy-gramotnosti-studentov> (өтінім берілген күні: 06.01.2025).
- Сорокина Н.И., Степанов Р.И., Попова Э.Ю. (2019) Формирование цифровых компетенций у современной молодежи: проблемы, опыт перспективы. *Педагогическое образование в России*, 6, 24-29 DOI: <https://doi.org/10.26170/po19-06-03> [Электрондық ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-tsifrovyyh-kompetentsiy-u-sovremennoy-molodezhi-problemy-opyt-perspektivy/viewer> (өтінім берілген күні: 10.01.2025).
- Крылова Н.П., Левашов Е.Н. (2020) Особенности гендерных показателей цифровой грамотности студентов. *Science for Education Today*, 1, 128-148. DOI: <https://doi.org/10.15293/2658-6762.2001.08> [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-gendernyh-pokazateley-tsifrovoy-gramotnosti-studentov> (өтінім берілген күні: 10.01.2025).
- Мясоедов А.И. (2021) *Внедрение цифровой грамотности в современном образовании*, 6, 4, 56-67 [Электронный ресурс]: <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/47924/view> (өтінім берілген күні: 10.01.2025).
- Бороненко Т.А., Кайсина А.В., Федотова В.С. (2020) Концептуальная модель понятия цифровой грамотности. *Перспективы науки и образования*, 4(46), 47-73. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2020.4.4> [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualnaya-model-ponyatiya-tsifrovoy-gramotnosti/viewer> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- Битем Э., Шарп Р. (2019) *Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны*. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 328 [Электрондық ресурс]: URL: <https://library.kaznpu.kz/docs/retrofund/PDF/book35.pdf> (өтінім берілген күні: 11.02.2025).
- DigCompEdu (2024) *Digital Competence Framework for Citezens* [Web-site]: URL: https://joint-research-centre.ec.europa.eu/scientific-activities/education-and-training/digital-transformation-education/digital-competence-framework-citizens-digcomp_en (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- Колыхматов В.И. (2020) Профессиональное развитие педагога в условиях цифровизации образования: *Учебно-методическое пособие*. СПб.: ГАОУ ДПО ЛОИРО, 135.
- Аймалетдинов Т.А., Баймуратова Л.Р., Зайцева О.А., Имаева Г.Р., Спиридонова Л.В. (2019) *Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе*: Аналитический центр НАФИ. М.: Издательство НАФИ, 84 [Электрондық ресурс]: URL: <https://d-russia.ru/wp-content/uploads/2019/10/digit-ped.pdf> (өтінім берілген күні: 05.02.2025).
- МЖМС (2022) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы*, 3 тамыз, 348 [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (өтінім берілген күні: 05.02.2025).

References

Elubaj E. (2020) Bolashak pedagogtardy dayarlaudagy cifrlyk kuzirettilik. *Vestnik Akademii*

- pedagogicheskikh nauk Kazakhstana*, 1, 187-195 [Elektrondyk resurs]: URL: https://vestnik-apnk.kz/articles/68fadbf91_12020_187-195_.pdf (otinim berilgen kuni: 05.01.2025).
- Karandeeva A.M., Kvaracheliya A.G., Nasonova N.A., Gundarova O.P., Pisarev N.N. (2020) *Cifrovye navyki sovremennogo pedagoga vysshej shkoly. Cifrovoe obrazovanie: novaya realnost: Sbornik materialov Vserossijskoj nauchno-metodicheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem*, Cheboksary, 40-43 [Elektrondyk resurs]: URL: https://elibrary.ru/download/elibrary_44788011_68699624.pdf (otinim berilgen kuni: 05.01.2025).
- Belshaw D. (2014) *The Essential elements of digital literacies* [Elektrondyk resurs]. URL: <https://dougbelshaw.com/thesis/> (otinim berilgen kuni: 18.01.2025).
- Tuzhyrymdama (2023) *Kazakstan Respublikasynda mektepke deyingi, orta, tehnikalyk zhane kasiptik bilim berudi damytudyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Ukimetin in kaulysy*, 28 nauryz, 249 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (otinim berilgen kuni: 05.01.2025).
- Kasiptik standart (2022) «Pedagog» Kasiptik standartyn bekitu turaly: *Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin m.a. bujrygy*, 15 zheltoksan, 500 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149> (otinim berilgen kuni: 05.01.2025).
- Goncharuk N.P., Hromova E.I. (2018) Integraciya pedagogicheskikh i informacionnyh tehnologij v obrazovatelnom processe. *Kazanskij pedagogicheskij zhurnal*, 4, 32-37 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=35420940> (otinim berilgen kuni: 05.01.2025).
- Talanov S.L. (2019) Vliyanie socialnyh setej na uspevaemost studentov. *Socialno-politicheskie issledovaniya*, 3, 87-105 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-gendernyh-pokazateley-tsifrovoy-gramotnosti-studentov> (otinim berilgen kuni: 06.01.2025).
- Sorokina N.I., Stepanov R.I., Popova E.Yu. (2019) Formirovanie cifrovyyh kompetencij u sovremennoj molodezhi: problemy, opyt perspektivy. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, 6, 24-29 DOI: <https://doi.org/10.26170/po19-06-03> [Elektrondyk resurs]: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-tsifrovyyh-kompetentsiy-u-sovremennoy-molodezhi-problemy-opyt-perspektivy/viewer> (otinim berilgen kuni: 10.01.2025).
- Krylova N.P., Levashov E.N. (2020) Osobennosti gendernyh pokazateley cifrovoy gramotnosti studentov. *Science for Education Today*, 1, 128-148. DOI: <http://doi.org/10.15293/2658-6762.2001.08> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-gendernyh-pokazateley-tsifrovoy-gramotnosti-studentov> (otinim berilgen kuni: 10.01.2025).
- Myasoedov A.I. (2021) *Vnedrenie cifrovoy gramotnosti v sovremennom obrazovanii*, 6, 4, 56-67 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/47924/view> (otinim berilgen kuni: 10.01.2025).
- Boronenko T.A., Kajsina A.V., Fedotova V.S. (2020) Konceptualnaya model ponyatiya cifrovoy gramotnosti. *Perspektivy nauki i obrazovaniya*, 4(46), 47-73. DOI: <https://doi.org/10.32744/pse.2020.4.4> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualnaya-model-ponyatiya-tsifrovoy-gramotnosti/viewer> (otinim berilgen kuni: 11.02.2025).
- Bitem E., Sharp R. (2019) *Pedagogikany cifrlyk dauirde kajta zerdeleu. XXI gasyrdagy okytu dizajny*. Almaty: Ul'tyik audarma byurosy, 328 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://library.kaznpu.kz/docs/retrofund/PDF/book35.pdf> (otinim berilgen kuni: 11.02.2025).
- DigCompEdu (2024) *Digital Competence Framework for Citizens* [Web-site]: URL: https://joint-research-centre.ec.europa.eu/scientific-activities/education-and-training/digital-transformation-education/digital-competence-framework-citizens-digcomp_en (otinim berilgen kuni: 05.02.2025).
- Kolyhmatov V.I. (2020) *Professionalnoe razvitie pedagoga v usloviyah cifrovizacii obrazovaniya: Uchebno-metodicheskoe posobie*. SPb.: GAOU DPO LOIRO, 135.
- Ajmaletdinov T.A., Bajmuratova L.R., Zajceva O.A., G.R.Imaeva, Spiridonova L.V. (2019) *Cifrovaya gramotnost rossijskikh pedagogov. Gotovnost k ispolzovaniyu cifrovyyh tehnologij v uchebnom processe: Analiticheskij centr NAFI*. M.: Izdatel'stvo NAFI, 84 [Elektrondyk

resurs]: URL: <https://d-russia.ru/wp-content/uploads/2019/10/digit-ped.pdf> (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).

MZhMS (2022) Mektepke dejingi tarbie men okytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly: *Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin bujrygy*, 3 tamyz, 348 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (otinin berilgen kuni: 05.02.2025).

Развитие цифровой грамотности студентов в процессе профессиональной подготовки

¹В.А.Даулетова, ²Д.Г.Кемешев

¹Высший педагогический колледж имени Ж.Досмухамедова (Уральск, Казахстан)

²Средняя общеобразовательная школа № 26 отдела образования г.Уральска Западно-Казахстанской области (Уральск, Казахстан)

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы внедрения новых путей формирования цифровой грамотности будущих специалистов в процессе подготовки к обучению в цифровой среде. Цель исследования-определение условий и критериев оценки формирования цифровой грамотности будущих специалистов через интеграцию процесса получения профессионального образования и практики непрерывного обучения. Теоретическое значение работы отражает создание педагогических условий формирования цифровой грамотности студентов путем интеграции компонентов теоретического и практического обучения, учебной и производственной практики профессионального образования. Эксперимент по оценке цифровой грамотности обучающихся и разработка методики обучения в цифровой среде подтверждают практическую значимость работы. Экспериментальная работа включала в себя периоды обучения в высшем педагогическом колледже имени Ж.Досмухамедова и педагогической практики студентов и средней школе № 26 г.Уральска, в которых приняли участие 57 студентов экспериментальной и контрольной групп (n=57). Определение индекса цифровой грамотности студентов и оценка уровня владения цифровыми инструментами проводились в начале и на заключительном этапе эксперимента. В качестве уровневых показателей развития цифровой грамотности применен «индекс цифровой грамотности» Российского аналитического центра «Национального агентства финансовых исследований» (НАФИ). В заключении описаны возможности повышения цифровой грамотности студентов на основе исследования.

Ключевые слова: профессиональная подготовка, компоненты профессионального образования, цифровая грамотность студентов, информационная грамотность, компьютерная грамотность, коммуникативная грамотность, медиаграмотность, готовность к техническим инновациям.

Development of digital literacy of students in the process of professional training

¹V.A.Dauletova, ²D.G.Kemeshev

¹Zh.Dosmukhamedov Higher Pedagogical College (Uralsk, Kazakhstan)

²Secondary General Education School No. 26 of the Uralsk City Department of Education, West Kazakhstan region (Uralsk, Kazakhstan)

Abstract

The article provides for the introduction of new ways to form digital literacy in the process of training future specialists for education in a digital environment. The purpose of the study - is to determine the conditions and evaluation criteria for the formation of digital literacy of future specialists through the integration of the process of obtaining professional knowledge and continuous training practice. The theoretical significance of the work is indicated by the creation of pedagogical conditions for the formation of digital literacy of students through the integration of the components of theoretical and practical training, educational and industrial practice of professional education. Two-stage assessment of the digital literacy of students and the development of teaching methods in a digital environment prove the practical significance of the work. The experimental work covered the stages of training and internships of students at the Dosmukhamedov higher pedagogical college and Secondary School No. 26 of Uralsk, which were attended by 57 students from experimental and control groups (n=57). The determination of the digital literacy index of students and the assessment of the level of

mastery of digital tools was carried out at the beginning and final stage of the experiment. The "digital literacy index" of the "analytical center of the National Agency for financial research" of Russia (Nafi), mentioned above, was taken as a basis as level indicators for the development of digital literacy. In conclusion, the possibilities of improving the digital literacy of students based on their experience were demonstrated.

Keywords: professional training, components of professional education, digital literacy of students, information literacy, computer literacy, communication literacy, media literacy, preparation for technical innovations.

Поступила в редакцию: 30.03.2025

Одобрена: 12.04.2025

Первая публикация на сайте: 12.06.2025

МРНТИ: 15.21.41

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-3.06>

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДЫҚ КЕЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДА СТРЕССТІ БОЛДЫРМАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

^{*1}А.О.ТАСКЕНОВА^{ip}, ¹С.М.БАХИШЕВА^{ip}

¹Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
(Орал, Қазақстан)

^{*}taskenovaajmagul51@gmail.com, sbakhish@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада мемлекеттік бітіру емтиханына дайындық кезінде жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділігін дамыту мәселесі қарастырылып, теориялық және практикалық зерттеулер талданды, стрессті болдырмаудың педагогикалық-психологиялық шарттары анықталды. Зерттеудің мақсатына мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңінде жоғары сынып оқушыларында стресске төзімділікті дамыту бағдарламасын әзірлеу және эмпирикалық зерттеулер арқылы оның тиімділігін тексеру қойылды. Зерттеудің теориялық маңыздылығын оқушылардың стресске төзімділігін қалыптастыруда қиындықтарды болдырмаудың негіздемесін жасау, практикалық маңыздылығын оқушылардың стресске төзімділігін қалыптастырудың әдістемесін жасау құрайды. Эмоционалдық интеллектіні дамыту, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру және ата-ана мен мұғалімдердің қолдау көрсетуіне бағытталған кешенді шараларды қамту арқылы жоғары сынып оқушылары үшін кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын енгізу және стресс-менеджмент әдістерін үйрету жүзеге асырылған. Зерттеу үш кезеңді қамтиды. Бірінші кезеңде стресс деңгейін анықтауға арналған және оқушылардың емтихан процедурасымен танысу, мазасыздық деңгейі мен өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын меңгеру деңгейлері анықталды. Екінші кезеңде емтихан алдындағы стрессті болдырмау үшін ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында үйлесімді ынтымақтастық орнату арқылы жоғары сынып оқушыларының психологиялық тұрақтылығын арттыруға арналған бағдарлама арқылы қолдау тәжірибесін жүргізу іске асырылды. Үшінші кезеңде экспериментті қорытынды бағалау іске асырылды. Мақалада емтиханға дайындық кезінде стресстің алдын алу және жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділігін арттыру мақсатында ата-аналар, мұғалімдер және оқушылардың бірлескен іс-шараларды қолдану жолдары көрсетілген. Қорытындыда білім алушылардың стресске төзімділігі мен эмоционалды тұрақтылығы қалыптасып, эмоционалдық интеллектісінің дамуына мүмкіндік жасалатыны дәлелденген.

Түйін сөздер: стресс, стресске төзімділік, емтиханға дайындық, емтиханға дайындық» сауалнамасы, эмоционалды интеллект, стресске төзімділікті дамыту.

Кіріспе

Мемлекеттік бітіру емтихандары (қорытынды аттестаттау) - бұл білім алушылардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау болып табылатын рәсім [ҚР заңы, 2007]. Оның нәтижелері жалпы және